

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің «Ғабиден Мұстафин атындағы жалпы білім беретін мектебі»КММ

**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелерінің асхана қызметкерлерімен өткізген семинар хаттамасы**

**Күні 11.09.2024**

Комиссия мүшелері:

Қатысқаны 7

- |                       |   |   |
|-----------------------|---|---|
| 1.Б.К.Нашкенов        | - | комиссия төрағасы; директор;                          |
| 2.Ә.М.Нарымбеков      | - | директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,мүшесі;   |
| 3.Р.Б.Шойынбекова     | - | қамқоршылық кеңес төрайымы , комиссия мүшесі;         |
| 4.Г.Д.Бекмуратова     | - | қамқоршылық кеңес мүшесі, комиссия мүшесі;            |
| 5.К.С.Егинбаева       | - | мектеп медбикесі, комиссия мүшесі;                    |
| 6. М.Ж.Нурмағанбетова | - | әлеуметтік педагог , комиссия мүшесі;                 |
| 7. И.И. Искалиева     | - | ЖК «Искалиева» өндірістік меңгеруші ,комиссия мүшесі. |

Асхана қызметкерлері:

1. Нурдуллаева Л.Б
2. Сыбаева Г.Қ
3. Алдамжарова Л.У
4. Қожамжарова Ж.Б
5. Нұрманбетова З.Н

**Күн тәртібінде**

- 1.Нормативтік құжаттармен таныстыру
2. «Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия» ережесімен таныстыру
3. Мектеп асханасының тазалығы ,тамақтарды тасымалдау тәртібі,асхана қызметкерлеріне қойылатын талаптар

Тыңдалды

**Нарымбеков Ә.М –ДТЖО «Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшесі»** : Мен сіздерді «Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия» ережесімен таныстырып өтейін.

1. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның міндеттері:
  - ас блогындағы ,асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;
  - тамақ өнімдерінің сапасын,оларды тасымалдау,жеткізу,түсіру,сақтау шарттарын;
  - өнімдерді өткізу мерзімдерін;
  - тамақ дайындау сапасын;
  - тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттілігіне сәйкестігін;
  - ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады;
2. Комиссия адалдық, парасаттылық,құзыреттілік,ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындайды;
3. Комиссия төрағасы білім беру ұйымының басшысы болып табылады;

Бракеражды комиссияның құрамы медицина қызметкерін,әкімшілік мүшелерін, өндіріс меңгерушісін, ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңестің өкілдерін міндетті түрде қоса отырып ,білім беру ұйымының бұйрығымен бекітіледі

Бракеражды комиссияның құрамы кемінде 7 адамды,оның ішінде осы мектептің ата-анадар қауымдастығының ішінде 2 адамды құрауы тиіс.Комиссияның жекелеген мүшелерінің болмауы оның қызметіне кедергі келтірмейді.

4. Бракераждық комиссия қызметінің нәтижесі:
  - көрсетілген қызметі, тауарларды жеткізушілердің кінәсінен балалар,ересектер уланған жағдайда,Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес

- жүргізілген тексерулердің нәтижелері расталған кезде өнім берушімен шартты дереу бұзу және өнім берушіні жосықсыз деп тану үшін сотқа талап-арыз жіберу;
- бұзушылықтар анықталған кезде бракераждық комиссия
  - анықталған бұзушылықтар туралы қызметкерді, тауарларды жеткізушіні және білім беру ұйымының басшысына хабардар етеді;
  - 1(бір) жұмыс күні ішінде халықтық санитарлық-эпидемиологиялық салауттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне жоспардан тыс тексеруге бастамшылық жасау мақсатында тексеру актісімен қоса анықталған бұзушылықтарды көрсете отырып, өтініш жолдайды;
  - Бұзушылықтарды жоюға 5(бес) жұмыс күнін ұсынады;
  - Бұзушылықтар қайта анықталған кезде бракераждық комиссия:
  - Қызметкерді, тауарларды жеткізушіні және білім беру ұйымының басшысын анықталған бұзушылықтар туралы хабардар етеді;

Комиссияны жыл сайын жаңартып отыру ұсынылады.

**Р.Б.Шойынбекова - қамқоршылық кеңес төрайымы, комиссия мүшесі**

Комиссия қызметінің циклограммасына тоқталып өтсем.

Күн сайын медицина қызметкері немесе жауапты тұлға;

- тағамдардың және аспаздық өнімдерінің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді.

Комиссия күн сайын;

- пайдаланатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырады (тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттардың көшірмелері жеке папкада сақталады);
- мәзірдің дұрыс жасалуын бақылауды жүзеге асырады;
- тамақтану сапасының мониторинг актісін рәсімдей отырып, ас блогының қызметкерлеріне жеке (немесе) қызметті жеткізушіге алдын-ала ескертусіз тамақтану сапасын тексеруді жүзеге асырады.

**И.И. Искалиева - ЖК «Искалиева» өндірістік меңгеруші, комиссия мүшесі.**

**Асхана қызметкерлеріне қойылатын талаптар :**

Тамақ өнімдерінің сапасын, олардың сапасын куәландыратын құжаттардың болуы; тамақтардың шығуын, дайындалған тамақтану көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкестігі:

- дайын тамақты органолептикалық бағалауды (оның түсін, иісін, дәмін, консистенциясын, қаттылығын, шырынын және т.б анықтау) «Дайын өнімнің бракераж журналына» органолептикалық бағалау нәтижелерін енгізе отырып жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізілуі;
- бракераж жүргізу кезінде «Технологиялық карталарға» сәйкес тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындау технологиясы мен сапасына қойылатын талаптарды басшылыққа алуы;
- өз функцияларын арнайы берілетін таза киімде (халатта, комбинезонда, бас киімде, аяқ киімде және т.б) жүзеге асыруы қажет.

Күнделікті үлгілер 48 сағатқа +2С, +6С температурада сақталу керек.

Асхана бағдарламасының орындалуы сақталу керек.

Автоматты жүйе « Bilimal. Электронды мектеп»

«Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия төрағасы»

Б.Нашкенов

«Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия хатшысы»

Ә.М.Нарымбеков